

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ

ПІКІРІ

Дипломдық жоба

(жұмыс түрінің атауы)

Төленов Нұрлан Әміржанұлы

(білім алушының аты-жөні)

5B075200 Инженерлік жүйелер және желілер

(мамандық атауы және шифр)

Тақырып:

Степногорск қаласындағы 7-қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау

Дипломдық жоба бекітілген бұйрыққа сәйкес және тапсырма бойынша орындалған. Дипломдық жобалау кезінде студент Төленов Н. жақсы теориялық білім көрсетіп, дипломдық жобаның бөлімдерінің негізгі сұрақтарын толық орындады және арнайы әдебиеттер мен нормативті-анықтамалық құжаттарды қолдана білді.

Дипломдық жобаның түсініктемелік жазбасы 30 беттен және 2 қосымшадан Word бағдарламасында, ал графикалық бөлімі 5 беттен AutoCad-та жақсы деңгейде орындалған.

Төленов Н. дипломдық жобасын «жақсы» (80 б) бағаға орындады, ал студент Төленов Нұрланға 5B075200 «Инженерлік жүйелер және желілер» мамандығы бойынша техника және технология бакалавры дәрежесін беруге болады.

Ғылыми жетекші

ИЖЖЖ кафедрасының

техн.ғыл.канд., қауым проф.



Нурпеисова К.М

(КОЛЫ)

« 19 » _____ 05 _____ 2022 ж.

СЫН-ПІКІР

Дипломдық жоба
(жұмыс түрінің атауы)

Төленов Нұрлан Әміржанұлы
(білім алушының аты-жөні)

5B075200 “Инженерлік жүйелер және желілер”
(мамандық атауы және шифр)

Тақырыбы: Степногорск қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау

Орындалды:

а) сызба материалдары 5 бет

б) түсініктемелік жазба 30 бет

ЖҰМЫС ҮШІН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Дипломдық жобада тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау қарастырылған. Қаланың климаттық параметрлері алынған. Сыртқы қоршаулардан жылу жоғалу, әр бөлмеге жылу қуаты анықталған. Сонымен қатар су шығындары есептеліп аксонометриялық сұлба тұрғызылған. Құрылыс жинақтау жұмыстарының көлемі аз.

Дипломдық жобада келесідегі қателіктер орын алған:

- орфографиялық қателіктер бар;

- жылыту аспабының санында есептік қателіктер байқалады

Білім алушы дипломдық жобаны тапсырмаға сәйкес толық орындаған.

Жұмысты бағалау

Білім алушы Төленов Н.Ә. дипломдық жобасын толық орындаған. Төленов Н.Ә. 5B075200-“Инженерлік жүйелер және желілер” мамандығының техника және технология бакалавры дәрежесін беруге лайықты. Жоба бағасы: 87%

Сын-пікір беруші

Доктор PhD, ЖІНС “КазТехносервис-П” директоры



Парманов Ү.С.

(колы)

(аты-жөні)

2022 ж.

«13»

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Толенов Н

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Степногорск қаласындағы 7-қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау

Научный руководитель: Куляш Нурпеисова

Коэффициент Подобия 1: 2.9

Коэффициент Подобия 2: 1.1

Микропробелы: 14

Знаки из здругих алфавитов: 26

Интервалы: 15

Белые Знаки: 4

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

Обоснование:

Дата 11.05.2022

проверяющий эксперт

**Университеттің жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаменті
директорының ұқсастық есебіне талдау хаттамасы**

Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры көрсетілген еңбекке қатысты дайындалған Плагиаттың алдын алу және анықтау жүйесінің толық ұқсастық есебімен танысқанын мәлімдейді:

Автор: Толенов Н

Тақырыбы: Степногорск қаласындағы 7-қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау

Жетекшісі: Куляш Нурпеисова

1-ұқсастық коэффициенті (30): 2.9

2-ұқсастық коэффициенті (5): 1.1

Дәйексөз (35): 1

Әріптерді ауыстыру: 26

Аралықтар: 15

Шағын кеңістіктер: 14

Ақ белгілер: 4

Ұқсастық есебін талдай отырып, Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры келесі шешімдерді мәлімдейді :

Ғылыми еңбекте табылған ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді. Осыған байланысты жұмыс өз бетінше жазылған болып санала отырып, қорғауға жіберіледі.

Осы жұмыстағы ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмән тудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

Еңбекте анықталған ұқсастықтар жосықсыз және плагиаттың белгілері болып саналады немесе мәтіндері қасақана бұрмаланып плагиат белгілері жасырылған. Осыған байланысты жұмыс қорғауға жіберілмейді.

Негіздеме:

Күні

11.05.2022

Кафедра меңгерушісі

*Ашимова
Жид*

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Толенов Н

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Степногорск қаласындағы 7-қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау

Научный руководитель: Куляш Нурпеисова

Коэффициент Подобия 1: 2.9

Коэффициент Подобия 2: 1.1

Микропробелы: 14

Знаки из здругих алфавитов: 26

Интервалы: 15

Белые Знаки: 4

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

- Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- Обоснование:

Дата

11.05.20222

Заведующий кафедрой

Жименова Р.
Жименова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Төленов Н.Ә.

Стерногорск қаласындағы 7-қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»


Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
ИДЖЖ кафедра меңгерушісі
техн.ғыл.канд., қауым. проф.

К.К. Алимова
«12» 05 2022 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: “ Степногорск қаласында орналасқан 7 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау ”

Мамандығы 5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

Орындаған




Төленов Н.Ә.

Пікір беруші
ЖШС “КазТехносервис-П” директоры

Парманов Ү.С.

«13» 05 2022 ж.



Жетекші
техн.ғыл.канд., қауым. проф.

Нурпенісова К.М.
«14» 05 2022 ж.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

БЕКІТЕМІН

ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., қауым. проф.

Алимова
К.К. Алимова
« 24 » 01 2022ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Төленов Нұрлан Әміржанұлы

Тақырыбы: Степногорск қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау.

Университет басшысының 2021 жылғы «24» желтоқсан №489-П/Ө
бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі: 2022 жылғы «30» сәуір

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Ғимарат қабаттарының жобасы, сыртқы қоршаушы құрылымдар материалының сипаттамалары мен қаланың климаттық параметрлері

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Негізгі бөлім;

б) Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы;

в) Экономика бөлімі;

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

1) Жертөле қабатының жоспары; 2) Бірінші қабаттың жоспары; 3) Типтік қабат жоспары; 4) Жылыту жүйесінің аксонометриялық сұлбасы;; 5) Техналогиялық карта.




Ұсынылатын негізгі әдебиет

10 атаудан


Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлімі	03.02.2022-20.03.2022	Орындалды
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	23.03.2022-07.04.2022	Орындалды
Экономика бөлімі	03.04.2022-10.04.2022	Орындалды

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма
бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күн	Қолы
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	И.З. Кашкинбаев техн. ғыл. д-ры, профессор	07.04.2022	
Экономика бөлімі	К.М. Нурпеисова техн. ғыл. канд., қауым. проф.	10.04.2022	
Норма бақылау	А.Н. Хойшиев техн. ғыл. канд., қауым. проф.	06.05.2022	

Жетекші _____  Нурпеисова К.М.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы _____  Төленов Н.Ә.

Күні «24» 01 _____ 2022 ж.

АНДАТПА

Аталған дипломдық жобада стерногорск қаласында орналасқан тұрғын үй ғимаратының жылыту жүйесі жобаланған. Тұрғын үй бөлмелерінің көлеміне, қабырғасының қалыңдығына және орналасқан жеріне байланысты жылу жоғалу есептелген. Және осы есептерге байланысты жылыту аспаптары таңдалған.

Бұл есептеулер негізін ҚР-ның ҚН байланысты талаптарға сәйкес тағайындалған параметрлер арқылы есептелген жылу жоғалу және гидравлика бөлімдерінен құралады. Осы гидравлика бөлімінде құбырлардың диаметрлері, судың арындары есептелініп көрсетілген.

Техникалық бөлімде күнтізбелік жоспар қарастырылды. Экономика бөлімде жоғарыда айтылған жұмыстарды іске асыру үшін қанша шығын кететінін есептелді.

АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте запроектирована система отопления жилого здания, расположенного в г. стерногорске. Рассчитаны теплопотери в зависимости от размеров жилых помещений, толщины стен и местоположения. И в зависимости от этих расчетов были выбраны отопительные приборы.

Основу этих расчетов составляют разделы теплопотери и гидравлики, рассчитанные по заданным параметрам в соответствии с требованиями, связанными с СН РК. В данном разделе гидравлики указаны диаметры труб, напоры воды.

В технической части рассмотрен календарный план. В разделе "Экономика" подсчитали, сколько затрат потребуется на реализацию вышеуказанных работ.

ABSTRACT

In this diploma project, the heating system of a residential building located in Stepnogorsk is designed. Heat losses are calculated depending on the size of the living quarters, the thickness of the walls and the location. And depending on these calculations, heating devices were selected.

The basis of these calculations are the sections of heat loss and hydraulics, calculated according to the specified parameters in accordance with the requirements related to the CH RK. In this section of hydraulics, pipe diameters and water pressures are indicated.

In the technical part, the calendar plan is considered. In the "Economics" section, we calculated how much it would take to implement the above-mentioned works.

КІРІСПЕ

Адам баласы өмірінің бір бөлігін жабық бөлмеде өткізеді. Сондықтан үйде болсын, жұмыста болсын бөлменің микроклиматы маңызды. Бөлме температурасы адамның жұмыс істеуіне қолайлы әрі адамның демалуына ыңғайлы және бөлме ішінде адам өзін жайлы сезінуі қажет. Сол себепті бөлменің жылы болуы маңызды.

Жылыту жүйесі жабық бөлмедегі адамға керекті жылуды беріп, сол берген жылу температурасын бір қалыпты ұстауға қолданылады.

Қазіргі заманда тұрғызылған ғимараттар берік және жеңіл конструкциялардан жасалып жатыр. Бұл конструкциялардың сыртынан қосымша жылуоқшаулағыштармен қапталады.

Жылыту жүйесінің инженерлік жобалаудың мақсаты ғимараттар мен үймереттердің әр бөлмесінің ішкі ауасы мен температурасын қажетті жылуын беріп, оны бір қалыпты деңгейде ұсап тұруға арналған. Жылыту қондырғыларының қызметі жылдың суық мезгілі уақытында жасанды микроклиматты керекті жылумен қаматасыз ететін болады. Жылыту жүйесіне қолданылатын жабдықтар сапалы әрі заман талабына сай соңғы үлгіде болады. Жылыту аспаптарының өлшемдері бөлменің ауданына және орналасуына байланысты өзгеріп отырады. Жылыту аспаптарының қабырға санына байланысты өлшемдері өзгеріп отырады. Яғни, бөлменің жылу жоғалуының көптігіне байланысты іштегі жылу температурасының бір қалыпты ұстап отырады.

Жылыту жүйесі қарастырылған елді мекенге байланысты тәуліктік жылыту мерзімі әр түрлі болады. Мысалыға әр елді мекен үшін ауаның қарастырылған климаттық температуралары болады, соған байланысты жылыту мерзімінің ұзақтылығы өзгеше болады. Жылуоқшаулағыштар жылыту жүйесіндегі шығындарды едәуір азайтады.

Бұл дипломдық жобада Степногорск қаласындағы 7-қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау қарастырылған.

Жылыту жүйесінің жалпы үш түрі кездеседі: жылуөткізгіштік, сәулелік және конвектірлік. Менің дипломдық жобамда қарастырылатын жүйе сумен жылыту. Сумен жылыту кеңінен тараған. Менің жабдықтарым заманға сай соңғы үлгіде қарастырылған. Менің жобамда қарастырылып отырған ғимарат жылуоқшаулағышпен қоршалған.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	
1 Негізгі бөлім	8
1.1 Жобалауға берілген бастапқы деректер	8
1.2 Сыртқы қоршаулардың жылу техникалық есептері	8
1.3 Сыртқы қоршаулардың жылу жоғалуы	12
1.4 Жылыту жүйесінің шешімдері мен есептері	13
1.5 Жылыту жүйесінің жылулық қуаты	14
1.6 Жылыту аспаптарын таңдау	14
1.7 Жылыту жүйесінің материалдарының спецификациасы	17
2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	18
2.1 Ұйымдық техникалық шаралар	18
2.2 Еңбек шығындарын калькуляциялау	18
2.3 Күнтізбелік жоспар және жұмысшылардың қозғалыс графигі	18
2.4 Аз механизацияланған құрылғылардың, қолмен және механизмделген бұйымдардың қажеттілік есебі	19
2.5 Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысының сапасын бақылау	20
2.6 Қауіпсіздік және еңбекті қорғау	
3 Экономика бөлімі	23
3.1 Келтірілген шығын есебі	24
ҚОРЫТЫНДЫ	28
ПАЙДАЛЫНАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	29
ҚОСЫМШАЛАР	31

1 Негізгі бөлім

1.1 Жобалауға қолданылатын бастапқы мәлімет

Менің дипломдық жобамда қолданылатын тұрғын үйді жылыту жүйені жобалауға керекті ақпараттар қабылданады.

- қала аталуы: Степногорск;
- қабат саны: 7;
- қабат биіктігі: 2,9м;
- екі құбырлы жылыту жүйесі;
- жылыту жүйесінің беретін құбырдың температурасы: $t_1 = 95^\circ\text{C}$;
- жылыту жүйесінің қайтатын құбырдың температурасы: $t_2 = 70^\circ\text{C}$;
- сыртқы ауаның есепті температурасы (ең салқын бес күндіктің): $-32,2^\circ\text{C}$;
- жылыту мерзімі кезіндегі сыртқы ауаның орташа температурасы: $-7,5^\circ\text{C}$;
- жылыту мерзімінің ұзақтылығы: 211 тәулік;
- жылыту мерзімі кезіндегі желдің орташа жылдамдығы: 3 м/с.

1.2 Сыртқы қоршаулардың жылу техникалық есептері

Жылыту жүйесін жобаламас бұрын біріншіден сыртқы қоршаушы құрылымдарының жылыту физикасына қатысты жылу техникалық көрсеткішін анықтап. Сосын анықтаған мәнге қарай отырып әр құрылымның жылу жоғалу көрсеткіштерін анықтап аламыз. Жылу техникалық есептерін есептеу барысында жылыту мерзімінің климаттық параметрлерін, яғни температуралары мен бөлме ішіндегі санитарлы гигиеналық талапқа сай болуы қарастырылады.

Жалпы алғанда, бәріміз білетін тұрғын үй-жайларды жылытудың үш жолы бар: жылу өткізгіштік, және конвектілік, сәулелілік. Жылыту жүйесін жобалау кезінде сыртқы температуралар және ішкі температуралар қатынасын сыртқы қоршаулары арқылы қарастырылған.

Жылыту жүйесін жобалауға қажетті маңызды ақпараттар: жылыту кезеңіндегі ең суық күндерінің орташа температурасын және ғимараттың айналасындағы құрылымдардың жылу сипаттамаларының параметрлері. Тұрғын үй-жайындағы жылу шығындарын есептеу үшін ғимараттағы бөлмелердің орналастырылу жері мен атауын анық нұсқауы керек. Бұл бөлменің атына байланысты сыртқы қоршауларының көптігіне байланысты әр бөлме ішінде жылу жоғалуында айырмашылығының бар екендігіне байланысты.

Ғимараттардың сыртқы қоршауының жылу жоғалуна төзімділік санитарлық-гигиеналық талаптарын сақтай отыра ескере септеледі R_o^{TP}

$$R_o^{\text{TP}} = \frac{n \cdot (t_{\text{iш}} - t_{\text{сырт}})}{\alpha_{\text{в}} \cdot \Delta t_{\text{н}}}, \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}/\text{Вт}, \quad (1.1)$$

мұндағы n – қоршаудың сыртқы ауаға қатынасын ескеру коэффициенті;
 $t_{iш}$ – бөлменің ішкі ауа температурасы, °С;
 $t'_{сырт}$ – сыртқы ауаның есептік температура көрсеткіші, °С;
 α_B – ішкі бет қоршауының жылуөткізгіштік коэффициенті,

Вт/м² °С

Δt_H – ішкі ауа температурасы және қоршаудың ішкі бет температуралар арасындағы нормативті температура айырмасы, °С.

Сыртқы қоршаулардың жылу өткізгіштік коэффициенті анықталады

$$k = \frac{1}{R_o}, \text{ Вт/м}^2 \text{ °С.} \quad (1.2)$$

Сыртқы қоршаудың жылу жоғалу коэффициентін анықтамас бұрын ең алдымен қоршаудың жалпы кедергісін анықтаймыз.

Сыртқы қоршаулардың жалпы жылу өткізу кедергісі анықталады

$$R_o = R_B + R_1 + R_2 + \dots + R_H, \text{ м}^2 \text{ °С/Вт,} \quad (1.3)$$

мұндағы R_B – қоршаудың ішкі беттеріне байланысты ауаның жылу өткізу кедергісі, осы формула арқылы анықталады

R_H – қоршаудың сыртқы бет ауасына байланысты жылу өткізгіштік кедергісі, ол мына формуламен анықталады

$$R_B = \frac{1}{\alpha_B}, \text{ м}^2 \text{ °С/Вт,} \quad (1.4)$$

мұндағы α_B – қоршаудың ішкі беттерінен ауаның жылу өткізу коэффициенті, Вт/м² °С, қабылданады [2], $\alpha_B = 8,7$ Вт/м² °С;

R_1, R_2 – қоршау бөліктерінің жылу өткізгіштік кедергілері, олар мына формуламен анықталады

$$R_1 = \frac{\delta_1}{\lambda_1}, R_2 = \frac{\delta_2}{\lambda_2}, \text{ м}^2 \text{ °С/Вт,} \quad (1.5)$$

$$R_H = \frac{1}{\alpha_H}, \text{ м}^2 \text{ °С/Вт.} \quad (1.6)$$

Бұл формула бойынша мұндағы α_H – сыртқы ауаның жылу өткізгіштік коэффициенті, Вт/м² °С, қабылданады [2] $\alpha_H = 21$ Вт/м² °С.

Қоршаушы құрылымның жылу өткізгіш кедергісін энергия өнімдеу шартын ескере отырып жылыту мерзімінің градустық тәулігін пайдалану арқылы анықтауға болады.

$$\text{ЖМГТ} = (t_i - t_{om}) \cdot n_o, \text{ } ^\circ\text{C} \cdot \text{тәул}, \quad (1.7)$$

мұндағы t_i – бөлменің ішкі ауа температурасы, $^\circ\text{C}$;
 t_{om} – жылыту мерзімі бойынша сыртқы ауаның орташа температурасы, $^\circ\text{C}$;
 n_o – жылыту мерзімінің ұзақтылығы, тәулік

Сыртқы қоршаушы бөліктердің жылулық кедергісін энергия өнімдеу арқылы қарастыруға болады, ол үшін жылыту мезгілінің градус- тәулігі (ЖМГТ) анықталады.

$$\text{ЖМГТ} = (18-7,5) \cdot 211 = 2215,5$$

ЖМГТ мәні бойынша қоршаушы қабырғаның жылу таратуға байланысты кедергісі анықталады.

1.1 Кесте - Қоршаушы құрылымдардың келтірілген кедергілері

Ғимараттар мен бөлмелер	Жылыту мезгілінің градустық тәулігі, $^\circ\text{C} \cdot \text{тәул}$.	Қоршаушы құрылымдардың жылу таратуға келтірілген кедергілері, R^{np} , м $^\circ\text{C}/\text{Вт}$			
		қабырғалардың	өтетін жерлер үстіндегі жабындар мен аражабындардың	шатырлық, салқын еденасты мен ұясты қабаты жабындарының	терезелердің және балконесіктерінің
Тұрғын үй ғимараты	2000	2,1	3,2	2,8	0,3
	4000	2,8	4,2	3,7	0,45

Қоршаушы бөліктердің жылу тарату бойынша келтірілген кедергілері интерполяция арқылы қабылданғаннан соң, оның жылу өткізгіштік коэффициенттері (1.2) формула бойынша анықталады.

Көп қабатты тұрғын үйдің жылу жоғалуын есептеу үшін сыртқы қабырға, терезе, еден, төбе жабын әр бөліктің құрылымы бойынша жылу кедергісі содан соң жылу жоғалу коэффициенті анықталады.

1.2 Кесте - Қоршаушы құрылымдардың келтірілген кедергілері

Қоршаушы конструкциясының құрамы	Анықталу жолы	Кедергісі ,R, м ² ·C/Вт	Жылу өткіз коэффициенті K _o
Сыртқы қабырға	ЖМГТ	2,337	0,427
Төбе жабын	ЖМГТ	3,314	0,302
Еден	ЖМГТ	2,926	0,342
Терезе	softline	0,64	1,563

1.3 Кесте - Сыртқы қабырғаның жылутехникалық есебі

Қоршаушы конструкциясының құрамы	Қалыңдығы, δ,м	Жылуөткізгіштігі,λ, Вт/м °С	Кедергісі ,R, м ² °С/Вт
Газабетон	0,4	0,64	0,625
Минвата	0,125	0,09	1,388
Цементті сылақ	0,012	0,09	0,013
Известняк	0,035	0,93	0,037
R _o		2.337	
K _o		0.427	

1.4 Кесте – Еденнің жылутехникалық есебі

Қоршаушы конструкциясының құрамы	Қалыңдығы, δ,м	Жылуөткізгіштігі,λ, Вт/м °С	Кедергісі ,R, м ² °С/Вт
Темірбетон	0,22	1,92	0,114
Линолиум	0,004	0,39	0,01
Теплоизол	0,130	0,05	2,615
R _o		2,926	
K _o		0,342	

1.5 Кесте – Төбе жабыны жылутехникалық есебі

Қоршаушы конструкциясының құрамы	Қалыңдығы, δ, м	Жылуөткізгіштігі, λ, Вт/м °С	Кедергісі, R, м² °С/Вт
Темір бетонды плитасы	0,22	1,92	0,114
Минплитасы	0,14	0,052	2,692
Цементі	0,12	0,76	0,157
Битумы	0,001	0,27	0,003
Ругероид	0,04	0,17	0,234
R _o		3,314	
K _o		0,302	

1.3 Сыртқы қоршаулардың жылу жоғалуы

Ғимараттың ішкі бөлмелерінің нақты жылу жоғалуы төмендегі формула бойынша анықталады.

$$Q = k \cdot A \cdot (t_i - t_c) \cdot n, \text{Вт}, \quad (1.8)$$

мұндағы А – ғимарат ішіндегі бөлменің сыртқы қоршау ауданы (терезе, төбе жабын, еден) ауданы, м²;

к – сыртқы қоршаулар бойынша анықталған жылу өткізгіш коэффициенті, Вт/ м².°С;

n - ғимарат бөлмелерінің сыртқы қоршауға байланысты ауа қатынасын ескеретін коэффициент.

t_i- бөлменің сыртқы ауа параметрі

t_c- бөлменің ішкі ауа параметрі

Жалпы жылу жоғалуды анықтар кезінде сыртқы қоршауларға байланысты биіктікке байланысты сыртқы қоршаулардың көптігін ескеру қажет бұдан басқа тағы бірнеше факторлар кіреді.

Сол себепті жалпы жылу жоғалуы төмендегі формула арқылы анықталады

$$Q = k \cdot A \cdot (t_i - t_c) \cdot n \cdot (1 + \sum \beta), \text{Вт}, \quad (1.9)$$

мұндағы - $\sum \beta$ қосымша жылу жоғалуды ескеретін коэффициенттер қосындысы:

1) бөлмеге қатысты екі сыртқы қабырғаға болса -5 пайыз (0,05); 2) Сыртқы қабырғаның бағытына, шығыс, солтүстік –10 пайыз (0,1); батыс – 5 пайыз (0,05);

оңтүстік – 0 пайыз; 3) Желдің жылдамдығы, егер $V > 5$ м/с – 5 пайыз (0,05), $V < 5$ м/с 10 пайыз (0,1); 4) Бөлмелердің жылу жоғалуы әр қабат бойынша бөлек есептеледі.

Ғимараттың жылу жоғалуы сыртқы қоршаулар арқылы әр бөлмеге жеке есептеледі және жылыту аспабы қойылмайтын бөлмелердің жылу жоғалуын қоршаушы бөлмелерге теңдей бөлінеді. (А.1-кесте ретінде өткізіледі).

1.4 Жылыту жүйесінің шешімдері мен есептері

Жылыту жүйесі – жалпы алғанда көптеген конструктивті элементтер қосындысы яғни ол бөлмедегі жылу жоғалуға сәйкес қажетті температурадағы жылуды береді. Негізгі элементтері- жертөледе орналасқан жылыту пункті, жылыту жүйесіндегі суды айналдыру насосы, жылу тасмалдау құбырлары, жылыту аспаптары жатады. Жалпы жылыту жүйесі тәуелді, тәуелсіз болып бөлінеді. Бұл дипломдық жобада қарастырылған жылыту жүйесі тәуелді, яғни жылыту жүйесі сырттан келеді кейін жертөледе орналасқан жылыту пункті бойынша қысымы реттеліп құбырлар арқылы жылыту аспаптарына келіп түседі. Жылыту аспаптары арқылы бөлмеге жылу беріледі.

Жобада екі құбырлы көлденең таратылған жүйе қарастырылған. Сыртқы жылу желісі арқылы тасмалданатын жүйедегі су 130°C температурамен ғимараттың жертөлесінде орналасқан жергілікті жылыту пунктіне (ЖЖП) келіп түседі, сырттан келген қысым арқылы жүйеге тарайды содан соң жылыту жүйесінің қайту құбырына айналдырушы насос орнатылады сол насос арқылы жүйедегі су үнемі қозғалыста болады. Жылу алмастырғыш орнына байпас орнатамыз сол арқылы керекті температураны реттеуге болады.

Жобада «REHAU» фирмасы ұсынған полипропиленді алюминий енгізілген құбыр қолданылады және бас магестральдар мен тік құбырлар үшін болат материалдан жасалған құбыр қолданылады. Бұл қолданылған құбырлар техникалық жоғарғы сапада жоғарғы температураға және қысымға шыдамды санитарлы- гигиеналық талаптарға сай таңдалған. Құбырлар тот басып кетпеу үшін және құбыр арқылы жылу жоғалмау үшін жылу оқшаулағыш қойлады.

Жылыту жүйесі бойынша ең негізгі элементтерінің бірі – жылыту аспаптары, олар жылу тасмалдағыш арқылы аспапқа су толады және сол су температурасы арқылы бөлмеге қажетті температурадағы жылу беріледі және жүйедегі су үнемі қозғалыста болады. Жылыту аспабы ретінде «FONDITAL» фирмасының «CAL S5 500/100» типті радиатор қабылданды. Радиаторлар температура реттегішпен және босатуға мүмкіншілігі бар клапанмен жабдықталған.

1.5 Жылыту жүйесінің жылулық қуаты

Ғимараттардың жалпы жылу жоғалуын Q , Вт іріктелген түрде келесі формула арқылы анықталады

$$Q_o = q_o \cdot V \cdot (t_i - t_o) \cdot n, \quad (1.9)$$

мұндағы q_o – ғимарат тағайындалуына байланысты қабылданатын іріктелген жылу көрсеткіші, қабылданады [9], Вт/м³;

V – ғимараттың сыртқы көлемі, м³;


N – есепті сыртқы ауа температурасына байланысты қабылданатын коэффициент.

1.6 Жылыту аспаптарын таңдау

Жылыту жүйесінің негізгі элементінің бірі - жылыту аспаптары. Жылыту аспаптары арқылы бөлмеге жылуы беріледі. Бұл жылу шығыны бөлменің сыртқы қоршаулары арқылы жоғалатын жылуға тең. Жылыту аспаптары материалына, бет пішініне байланысты әртүрлі болып бөлінеді, олардың түрлері: радиаторлар, конвекторлар, регистрлер, жылыту панельдері, құбырлар, жылыту агрегаттары. Жылыту аспаптарын сыртқы қабырғаның тұсына, көбіне терезе астына орнатады, себебі терезеден келетін ауа бөлмеге бірден суық түсуінің алдын алады.

Бұл жобада жылыту аспабына Италияның компаниясында шығарылатын Royal Thermo 500 радиаторы таңдалған, Royal Thermo - бұл толық биметалды және әдемі дизайн қалпына келтіріген радиатор. Әрбір радиатордағы фирмалық алюминий белгісі және әрбір секцияның зауыттық таңбасы Royal Thermo радиаторларын жалған емес екенін көрсетеді. Royal Thermo радиаторларының жоғары сапасы мен сенімділігі 25 жылдық кепілдікпен расталады. Әр радиатордың жеке паспорты және кепілдік картасы бар. Бұл радиатордың 3 түрлі түсі бар, қара түсті, күлренді, ақ түсті, Royal Thermo BILINEAR V500 радиаторының техникалық сипаттамасы 1.6 кестеде көрсетілген,

Ғимараттың бөлмелерінде орналастырылатын жылыту аспаптары В қосымшасында көрсетілген.



1 Сурет – Royal Revolution Bimetal 500 радиаторы

1.6 Кесте – Royal Revolution Bimetall V500 радиаторының техникалық сипаттамасы

Атауы	Өлш.бір.	Атауы	Өлш.бір.
Жылу тасымалдағыштың 70 ⁰ С-тағы жылу беруі	205 Вт	Бір секцияның ішкі көлемі	0,205 л
Жоба қысымы	30 Бар	Бір секцияның салмағы	2,10 кг
Сынақ қысымы	45 Бар	Осьтер арасындағы арақашықтық	500 мм
Қиратқыш қысымы	100 Бар	Секциялардың биіктігі	564 мм
Жылу тасымалдағыштың максимал мүмкін температурасы	110 ⁰ С	Секцияның ені	80 мм

Сулы жылыту жүйесі сумен толтырылған тарамдалған сақиналы құбырлар мен аспаптардың жүйесі болып келеді. Су жылыту мерзімі кезінде үнемі айналымда болады. Жылуөткізгіш құбырлар қыздырылған суды жылыту аспаптарына жеткізеді, аспаптарда суыған су жиналып жылуалмастырғышта қыздырылып, қайта аспаптарға келеді. Жылуөткізгіштер жылытылатын ғимараттың әр бөлмесіне қажетті жылу энергиясын беру және жеткізу үшін арналған. Белгілі су мөлшерін суыту кезінде жылу беруі болғандықтан жүйенің гидравликалық есебін жүргізу қажет. Гидравликалық жүйе гидравлика заңына сәйкес жүргізіледі. Есеп келесі қағидаға негізделген: жүйеде анықталған су қозғалысы кезінде қысым айырымы (сораптық және табиғи) қозғалыстың гидравликалық кедергісін өту үшін жұмсалады.

Гидравликалық есеп гидравлика заңымен жүргізіледі. Жылыту жүйесін таңдағаннан кейін құрастырылған аксонометриялық сұлба үшін гидравликалық есептер жүргізіледі. Гидравликалық есептің мақсаты:

- құбырлардың оптималды диаметрін таңдау;
- жүйенің учаскелеріндегі жоғалатын қысымды табу.

Сумен жылыту жүйелерін жобалауда гидравликалық есебін жүргізу үшін меншікті қысым жоғалу тәсілі кең қолданылады. Ғимараттың екі құбырлы жылыту жүйесінің құбырларының оптималды диаметрін таңдау үшін төменде келтірілген көрсеткіштер қажет. Гидравликалық есепті жылыту жүйесінің кеңістікті сұлбасында, әдетте аксонометриялық кескінде орындалады. Сұлбада циркуляциялық сақинаны анықтайды, оларды учаскелерге бөледі және жылу жүктемесін жазады.

Гидравликалық есептің мақсаты: учаскелердегі құбырлардың оптималды диаметрлерін таңдау және жоғалатын қысымды анықтау. Жылыту жүйесінің гидравликалық есебін өткізудің әр түрлі тәсілдерін қолдануға болады:

- ұзындықта меншікті қысым жоғалуымен;
- кедергі сипаттамалары мен өткізгіштікпен;

- келтірілген ұзындықпен және динамикалық қысыммен.

Сулы жылыту жүйесінің гидравликалық есебін өткізу үшін ең кең қолданылатын тәсіл - ұзындықта меншікті қысым жоғалуымен

Жылыту жүйесінің құбырларының оптималды диаметрлерін таңдау үшін екі көрсеткіштер белгілі болу керек: есепті айналымды сақинаның орташа меншікті қысым жоғалуы және су шығыны.

Әр учаскедегі есепті су шығыны G_o , кг/с анықталады

$$G_o = \frac{Q_o}{c(t_1 - t_2)}, \quad (1.10)$$

мұндағы Q_o – әр учаскедегі жылу жүктемесі, Вт;

c – тасымалдағыштың жылу сыйымдылығы, қабылданады 4,189 Дж/кг °С;

t_1 – жылыту жүйесінің беретін құбырындағы судың температурасы, °С;

t_2 – жылыту жүйесінің қайтатын құбырындағы судың температурасы, °С.

Есепті айналымды сақинасының орташа меншікті қысым жоғалуы R_{opt} , Па/м анықталады

$$R_{opt} = \frac{(1 - \varphi) \cdot \Delta P_p}{\sum l}, \quad (1.11)$$

мұндағы ΔP_p – жүйенің гидравликалық тәртібіне берілген жайғасқан қысым;

φ – үйкелісте жоғалатын қысымды ескеретін коэффициент, қабылданады екі құбырлы жүйеде – 0,35; бір құбырлы жүйеде – 0,5;

$\sum l$ – есепті айналымды сақинаның жалпы ұзындығы, м.

Ғимараттың екі құбырлы жылыту жүйесінің учаскелеріндегі жоғалатын қысым ΔP , Па анықталады

$$\Delta P = \Delta P_n + \Delta P_m, \quad (1.12)$$

мұндағы ΔP_n – құбыр ұзындығындағы жоғалатын қысым ΔP_n , Па, мына өрнек бойынша анықталады

$$\Delta P_{\text{л}} = \frac{\rho \cdot V^2}{2 \cdot l} = R \cdot l, \quad (1.13)$$

мұндағы R – 1 м ұзындықта меншікті жоғалатын қысым, Па/м (кесте немесе номограмма арқылы анықталады).

$\Delta P_{\text{м}}$ – жергілікті кедергілерде жоғалатын қысым, $\Delta P_{\text{м}}$, Па мына формуламен анықталады

$$\Delta P_{\text{м}} = \frac{\sum \xi \cdot \rho \cdot V^2}{2} = P_{\text{дин}} \cdot \sum \xi, \quad (1.14)$$

мұндағы $P_{\text{дин}}$ – динамикалық қысым, жылдамдыққа байланысты анықталады немесе арнайы кестеден қабылданады, Па;

$\sum \xi$ – жергілікті кедергілердің қосындысы, әр учаскеге бөлек есептеледі. Жергілікті кедергілер ретінде вентильдер, ысырмалар, үштарамдар, төрттіктер, реттегіш крандар, бұрылыстар және т.б. қарастырылады.

Есепті айналымды сақинаның қосынды қысым жоғалуы ΔP жүйеге берілген жайғасқан қысыммен $\Delta P_{\text{р}}$ салыстырылады және байланыссыздығы анықталады

$$\Delta = \frac{\Delta P_{\text{р}} - \sum (Rl + Z)}{\Delta P_{\text{р}}} \cdot 100\%. \quad (1.15)$$

Осы әдіспен жүйенің тарамдары есептелінеді және олардың байланыссыздығы анықталады. Байланыссыздығы 15 пайызға дейін рұқсат етіледі. (А.2-кесте ретінде өткізіледі).

1.7 Жылыту жүйесінің материалдарының спецификациасы

Жылу жүйелеріне арналған материалдардың сипатын жасау кезінде жобада нұсқалған барлық материалдардың атауын, сондай-ақ қажетті саны мен мөлшері жасалды. Осыған байланыстырып Satu платформасы болады. Материалдардың барлығының құны теңгемен есептелінеді. (А.3-кесте ретінде өткізіледі).

2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы

Құрылыс өндірісінің технологиясы яғни құрылыс жиынтығы дайындаулар және түзетулер арқылы ғимараттар мен үймереттерді дайындау процесі кезіндегі білім жиынтығы. Технологиялық жобалау кезінде техника экономикалық көрсеткіштер сапасы жоғары құрылыс болуын талап етеді соған байланысты ең мықты ұйымдастыру технологиялық шешімдер қарастырылып анықталады.

Технологиялық жоба процесі кезінде жасалып жатқан жұмыстың құжаттары ретінде жұмыс өндірісінің жобасы технологиялық карталар және жұмыс процесінің карталары кіреді. Жұмыс өндірісінің жобасы (ЖӨЖ) құрылыс ұйымдастыру кезіндегі негізгі шешімдерді есепке ала отырып құрылыс сызбаларын жасайды.

2.1 Ұйымдық - техникалық шаралар

Степногорскідегі жылу жүйесін орнату жобасының ұйымдастырушылық және техникалық шараларын негіздей отыру керек. Орнату жұмыстары жылу жүйесінің жеке бөлімдерінен тұрады. Жылыту жүйесін орнату кезінде құбырлар мен электрмен жабдықтау нүктелерін, сондай-ақ объектіге іргелес жолдарды пайдалануға болады.

Ұйымдастыру-техникалық дайындық жұмысы ҚР ҚН 3.01.01-2012 "Құрылыс саласын ұйымдастыру" іске кірісті және шаралар кестесінде көрсетілген.

2.2 Еңбек шығындарын калькуляциялау

Еңбек шығындарын калькуляциялау жасалатын жұмыстар нақтыланған тізімі бойынша және жұмысшылар сызбасы арғылы құрастырылады. Бірыңғай бағалар мен нормалар (ЕНиР) бойынша жұмысшы шығыны және еңбек сыйымдылығы жұмысшы дәрежесі анықталады, содан соң объектке байланысты жұмыс көлемі нақтыланады. Жұмыс қағидалар және ережелер жүйесіне байланысты қосымша және негізгі жұмыс түрлері қарастырылады. Жұмыс күні бір ауысымды және сегіз бүтін оннан екі сағатқа созылады.

Бұл есептеу жүйесі құрылыстың өзіндік құны мен жасалу мерзімін және жұмыс бағасын шығару үшін қажет. Есеп нәтижесі Б.1 - кестеде келтірілген.

2.3 Күнтізбелік жоспар және жұмысшылардың қозғалыс графигі

Күнтізбелік жоспар – бұл жұмыстың орындалу мерзімі яғни құбырлардың жинақталу жұмысы мен технологиялық құрылымының графикалық моделі.

Күнтізбелік жоспардың жасалу жоспары төмендегідей:

- еңбек шығынының калькуляциясын пайдаланып жинақтау жұмысының номенклатурасы құрастырылады;

- звено яғни жұмысшы дәрежесіне байланысты еңбек сыйымдылығы анықталады;

- сметасы тағайындалады, бүкіл жұмыс бойынша жұмыс ұзақтылығы қосылады.

Күнтізбелік жоспарды жасау үшін барлық қажетті мәліметтер, ол Б.2 Кестеде келтірілген .

Жұмысшылардың қозғалыс графигі барлық жинақтау жұмысы кезінде жұмысшыларды бір қалыпты пайдаланылуы және объекте олардың санының келе-келе қысқартылу мүмкіндігі қарастырылады. Ол күнтізбелік жоспардың ақпарат тізімі негізінде орындалады.

График дұрыс құрастырылуы кезінде жұмысшылар қозғалысының бірқалаыпсыз коэффициенті 1,5-тен көп болмауы керек. Ол мына формула бойынша анықталады.

$$K = \frac{m_{\max}}{m_{\text{cp}}}, \quad (2.1)$$

мұндағы: $m_{\text{ор}}$ – жұмысшылардың орташа саны, адам

$$m_{\text{cp}} = \sum Q / (T \cdot K), \text{ адам}, \quad (2.2)$$

мұндағы $\sum Q$ = (еңбек шығыны), адам·күн;

T – жинақтау жұмысының күндегі ұзақтылығы;

Қабылданады $\sum Q = 54$ адам күн және $T = 15$ күн,

Жұмысшылардың орташа саны анықталады

$$m_{\text{cp}} = \frac{54}{15} = 3.6 \text{ адам},$$

$$K = \frac{5}{3.6} = 1,38$$

2.4 Аз механизацияланған құрылғылардың, қолмен және механизмделген бұйымдардың қажеттілік есебі

Жылыту жүйесінің құрастырылуы яғни жинақтау жұмысы жұмысшы дәрежесіне жұмысшылар құрамына байланысты өтеді. Звено яғни жұмысшы

саны және дәрежесі жұмысшы құрамы құрастыру жұмысының негізгі графигі болып саналады. Әр жұмысшы құрамы механикалық құрылғылармен қамтамасыз етілуі қажет, себебі жылыту жүйесі жұмысы барынша афтоматы түрде оңайтылған түрде жылдам құрастырылуға мүмкіндік береді.

Қажетті аспаптар саны бригада да жұмысшылар санына байланысты бекітіледі, ал оның номенклатурасы жұмыс түріне және жұмыс көлеміне тікелей байланысты. Құралдар мен механизмдер тізбегі өндірістік техника және техникалық карта негізінде белгілі болады. Аз механизациялы құрылғылар, механизацияланған аспаптар және қолмен жұмыс жасайтын аспаптар есебінің мәліметтер тізімі Б.2 - кестеде келтірілген.

2.5 Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысының сапасын бақылау

Жылыту жүйесі жұмыс істеп тұрған кезінде, жүйеге жауапты барлық құрылғыларды жылу жүйесіне қосу мен жұмыс сапасын бақылау үшін қажетті қысым жүйесін автоматтанду.

Сынақ алдында дәнекерленген қосылыстар мен болат құбырдың қалыпталған бөлшектерінің дұрыс қосылуын тексеру қажет.

Тексеріс барысында туатын барлық ақаулар жиналып, командаға қайтарылады. Жүйедегі ақаулар тексеру алдында барлық жұмыстарды қайта орындаумен расталуы керек.

2.6 Қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Бұл жұмыс екі мың он бесінші жыл жирма үшінші қарашада бекітілген номері төрт жүз он төртінші "Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің", екі мың он сегізінші жылы отызыншы қарашада бекітілген "Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі" заңына қарасты, екі мың екіші жылдың үшінші сәуірінде бекіткен "Қауіпті және зиянды өндірістік орындарында өндірістік қауіпсіздікке байланысты" заңы және екі мың үшінші жылдың ақпан айының сегізі күні бекітілген "Төтенше жағдайларға қарасты құқықтық режимге байланысты" Қазақстан Республикасының заңына бағынышты сәйкестендірілуі қажет.

Еңбекті қорғау деп жалпы жұмыс барысында Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған дай жұмысшының жұмыс қабілетін сақтау, денсаулығының қауіпсіздігі алдын ала емделу секілді алдын алу шаралары қарастырылады. Жылыту және желдету жүйелерін монтаждау жұмыстарына 18 жасқа толған, медициналық куәлендіруден өткен, арнайы білімі бар және кіріспе нұсқайлығы мен жұмыс орнындағы қауіпсіздік техникасы нұсқаулығымен

танысқан адамдар ғана қатыса алады. Нормативті талаптарға сәйкес жылыту және желдету жүйелерін монтаждау жұмыстары жүргізіліп жатқан аймақта басқа жұмыстардың жүргізілуіне және бөгде адамдардың болуына рұқсат етілмейді. Монтаждаушының жұмыс орнында бөтен және керек емес заттар мен материалдар болмауы тиіс. Биіктіктегі құбыр желілерін монтаждау бекітілу беріктігі алдын-ала тексерілген мінбе, сатыларда немесе төсеулерде жүргізіледі. Электрдәнекерлеу және газжалындық жұмыстар орындалатын аймақтар 5 м қашықтықта жеңіл жанғыш заттар мен материалдардан, 10 м қашықтықта жарылғыш заттар мен қондырғылардан тазартылуы қажет. Ашық доға бойынша дәнекерлеу жұмысы орындалса, жұмысшы орны биіктігі 1,8 м-ден кем емес жалынға төзімді экранмен бөлінуі керек. Дәнекерлеушілер мен олардың көмекшілерінің көру мүшелері мен тері қабатын қорғау үшін қалқаншалар, маскалар мен арнайы дұлығалар пайдаланылады. Олардың көру тесігінде дәнекерлегіш қондырғы қуатына байланысты жырық сүзгісі қойылады. Басқа жұмысшыларды дәнекерлеуші электр доғаларының сәулелерінен қорғау үшін арнайы шымылдықтар мен қалқаншалар орнатылады.

Еңбекті қорғау - еңбек үрдісіндегі адамның жұмыс қабілеттілігін және адам денсаулығын сақтауды қамтамасыз ететін заң шығарушылық және құқықтық актілер және оған сәйкес әлеуметтік құқықтық, техникалық, санитарлы-гигиеналық, ұйымдық, өртке қарсы, электр қауіпсіздігі мен емдеу профилактикалық құралдарының жиыны.

Түгелдей қауіпсіз және қауіпті өндірістер болмайды. Еңбекті қорғаудың шарты-максималды еңбек өнімділігінде, бір уақытта жайлы жағдайды қамтамасыз ете отырып, жұмысшының ауруы мен бақытсыз жағдайлардың мүмкіндігінің ең төменгі шамасына келтіру. Қауіпті өндірістік факторлар – жарақатқа немесе басқа кенеттен денсаулығының нашарлауына алып келетін, белгілі жағдайлардағы, жұмысшыға әсер ететін факторлар. Зиянды өндірістік факторлар -ауруға немесе жұмыс қабілеттілігін төмендетуге алып келетін, белгілі жағдайдағы жұмысшыға әсер ететін фактор.

Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысы бригадаларға бөліну арқылы өтеді. Звено және бригада құрамы өндіріс жұмысының графигі негізінде қабылданады. Әрбір бригада міндетті түрде аспаптар жинағымен қамтамасыз етілуі керек, себебі жылыту жүйесінің жинақтау жұмысы бойынша тәжірибе жүзінде барлық жұмыс көлемін автономды орындауы керек. Аспаптар қажеттілігі бригада жұмысшыларының санымен анықталады, ал оның номенклатурасы норма бойынша орындалатын жұмысқа қатысты қабылданады. Механизмдер мен құралдардың тізбегі техникалық карта және өндіріс техникасының негізінде анықталады.

Су құбырларына орнатылған қысым реттегіштерді және торлы сүзгіде жылу жүйедегі қауіпсіздік шаралары ретінде қарастыруға болады. Жоба қысым реттегіштерінің екі жолын ұсынады. Әр бір тұндырғыштың қайтатын құбырына

орнатылған бірдей қылу клапанының екінші бөлігі жүйеде суды тұрақты түрде сақтайды. Әйтпесе, егер жүйедегі су тез айналатын болса, бөлмеде орнатылған жылытқыш қажетті температураны қамтамасыз етпейтін болады. Немесе жүрмейді.

Енді тікқұбырдың артындағы шаң жинайтын өзінің торлы сүзгі функциясын істей отырып, жүйенің бітіп қалмауына жол бермеу үшін судың ішіндегі бүкіл қатты заттарды сүзеді, егер қысымды бітеп тастаса, жүйе атылып кетуі мүмкін.

3 Экономика бөлімі

«Степногорск қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау» дипломдық жобасында жылыту жүйелерінің технико-экономикалық есебі жүргізіледі. Есеп жүргізудің негізгі мақсаты - қарастырылып отырған дипломдық жобаның материалдарға жұмсалатын қаражат көлемін анықтау, келтірілген шығын есебін жүргізу, жергілікті, объектті сметалық құнын шығару. Ол үшін жылыту жүйелеріндегі капиталды төлем ақы және жылдық шығындарды анықтаймыз. Жылдық шығындар келесі шығындардан тұрады:

- амортизацияға кеткен шығын, ол дегеніміз толық жөндеуге және жылыту жүйесін тазартуға кеткен шығындардың қосындысы;
- жөндеу барысында және жоба істеп тұрған кезінде жүйенің жобаын ұстап тұруға кететін шығындар қосындысы;
- пайдаланудағы қызметкерлердің жалақысына кететін шығын;
- бір жылда пайдаланылатын энергоқорлардың құны;
- пайдаланудағы материалдарға кеткен шығын;
- жалпы пайдалануға кететін шығындар.

Кез келген үрдістің экономикалық шешімдері қазіргі таңда маңызы жоғары шешімдердің бірі болып келеді. Себебі, кез-келген қоғамдық ғимаратты жылыту және жылыту жүйелерін дұрыс әрі тиімді жүргізілуі керек. Жылыту және жылыту жүйелері адамға жайлы жағдайды қалыптастыруды көздейді. Жылдың суық мерзімінде жүйелерді қайта жөндеу және ұйымдастыру өте күрделі үрдіс. Сондықтан жылыту аспаптарын, арматураларды және құбырларды дұрыс таңдау маңызды. Сапасына және бағасына мән бере отырып, қолайлы және қолжетімді жылыту аспаптары және құбырларды таңдау қажет. Дипломдық жобада жүргізілген шығындарды анықтау есептері бізге қолжетімді әрі сапалы қондырғыларды таңдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жобашылардың еңбегі еңбек шарттарына сай бағаланады.

Кез келген құрылыстың әрбір объектісіне смета жасалынады, ол бекітілгеннен кейін осы объектінің құны рөлі ретінде қарастырылады. Құрылыс объектісі үшін сметада жұмыстың сипаттамасы, көлемі мен құны көрсетіледі. Сметалар мыналарға бөлінеді:

- а) жергілікті – онда жекелеген жұмыстардың құны мен шығыны болады;
- б) объектілік – локальдық сметалар негізінде ғимараттар мен үймереттердің құрылысының құны анықталады;
- в) қосынды – объектілік негізінде құрылыстың жалпы құны анықталады.

«Жергілікті сметалар - ол сметалық құжаттардың бастапқысы болып табылады және ол әрбір жұмыстың түрлеріне, әрбір ғимараттар мен үйлерге кеткен шығындарға немесе жұмысшы құжаттары және жұмысшы сызбаларында айқындалған, жалпы барша алаң жұмыс көлеміне жасалынады. Жергілікті сметаға тура шығындар, үстеме шығыстар, сметалық кірістер бағалары кіреді. Жұмыс көлемі егер де айқындалмаса және кететін көлем шығыны нақтылы анықталмай жұмысшы құжаттарына анықтау қажет болған жағдайда әрбір жеке

циклдарға және құрылыс пен тұрғын үйлерге кететін шығындардың жұмыстарына және бүкіл алаңдағы жұмыстар көлеміне арналып жергілікті сметалық есептесу жасалынады.»

Есеп жүргізудің мақсаты қарастырылып отырған дипломдық жобаның материалдарға жұмсалатын қаражат көлемін анықтап, келтірілген шығын есебін жүргізу, локальді, объектті сметалық құнын шығару болып табылады.

3.1 Келтірілген шығын есебі

Жоба шешімінің экономикалық шығыны минимум бойынша қарастырылады, ол келесі формула арқылы анықталады

$$\Pi_1 = E_n \cdot K + C_{ж} \rightarrow \min, \quad (3.1)$$

$$\Pi_1 = C_{ж} - E_n \cdot K. \quad (3.2)$$

мұндағы E_n – экономикалық тиімділік қағидалы коэффициенті;

K – жоба шешімі бойынша капиталды төлемақы, тг;

$C_{ж}$ – жылдық төлемақы, тг/жыл.

Бұл дипломдық жобада смета бағасы үлкейтілген көрсеткіштермен пайдалануға негіз жоқ. Бұл басқа келісімшарт бойынша дистрибьюторлық фирмалар келесі қызмет түрлерін ұсынады:

– зауыт өндіруші прайс-листі бойынша құрылғылардың құны және оны Степногорск қаласына жеткізуі;

– құрылғыны салынып жатқан нысанға дейін жеткізу, құру, қондыру – жөндеу жобатары, кепілдік қызмет көрсету.

